



## Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

| Мамандық шифры | Мамандықтың атауы | Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті  |
|----------------|-------------------|--|
| 5B012000       | «Кәсіптік оқыту»  | 1. Педагогика<br>2. Психология және адам дамуы<br>3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі<br>4. Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру |

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Психология және адам дамуы
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Педагогика

1. Гректің «paıdagogas» сөзінің мағынасы:

- A) Білім алушыға насихат беруші
- B) Тәрбие туралы ғылымның аты
- C) Оқушыға білім беруші
- D) Қоғамды тәрбиеге бағыттаушы
- E) Білім беруде озат тәжірибеге сүйенуші
- F) Адам баласына білім беруші

2. Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері:

- A) дене бітімі
- B) орталық нерв жүйесінің қасиеттері
- C) инстинктері
- D) жауапкершілігі
- E) дене қасиеттері
- F) даралығы
- G) саналылығы

3. Оқу-тәрбие процесінде тиімді ұйымдастыру үшін педагогтың басшылыққа алатын темперамент түрлері:

- A) Сангвиникалық
- B) Психофизиологиялық
- C) Флегматикалық, меланхоликалық
- D) Психикалық
- E) Холерикалық
- F) Психологиялық

4. Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік істердің бағыттары:

- A) Еңбек тәрбиесі
- B) Экономикалық тәрбие
- C) Адамгершілік тәрбиесі
- D) Әлеуметтік тәрбие
- E) Азаматтық тәрбие

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) ой қабілеттерін дамыту
- B) ғылыми дүниетаным қалыптастыру
- C) эстетикалық білімдер беру
- D) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- E) ағзаны шынықтыру
- F) мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастыру
- G) еңбек қабілеттілігін арттыру

6. Тәрбиенің мақсаты:

- A) ата-ана міндеттері
- B) тәрбиеленуші шешетін міндеттер
- C) амалдар жүйесі
- D) тәрбие сипаттамасы
- E) ізгі қасиеттерге баулу
- F) тәрбиеленушілерді жағымды іс-әрекетке өзгертуге бағыттылық
- G) мектептің мақсаты

7. Дүниетаным - бұл:

- A) Адамның өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі
- B) Мемлекеттің дамуына деген көзқарастар жүйесі
- C) Ақиқатты дүниеге деген көзқарастар жүйесі
- D) Мектеп ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- E) Адамның дүниеде алатын орнына деген көзқарастар жүйесі

8. Адамгершілік тәрбие міндеті:

- A) санитарлық-гигиеналық іскерліктер қалыптастыру
- B) құқықтық жауапкершілік қалыптастыру
- C) эстетикалық талғам қалыптастыру
- D) табиғатқа ізгілік қатынас қалыптастыру
- E) адамгершілік сана қалыптастыру
- F) моральдік ережелерді меңгерту

9. Педагогикалық процесті зерттеген ғалым педагогтар:

- A) С.Т. Петров
- B) В.Г. Белинский
- C) И.А. Иванов
- D) М.А. Данилов
- E) Ю.К. Бабанский

10. Ынталандыру әдісі:

- A) Сендіру
- B) Тәрбиелік жағдайлар
- C) Жарыс
- D) Психологиялық әңгіме
- E) Тапсырма беру
- F) Этикалық әңгіме

11. А.С. Макаренко бойынша ұжымның даму принциптері:

- A) Басқалардың пікірін құрметтеу
- B) Жұптық іс-әрекет
- C) Гуманизм, альтуризм
- D) Өз тәжірибенді тәрбиелеуде қолдану
- E) Перспективті бірізділік
- F) Жариялылық, жауапты бағынушылық
- G) Тәртіпті қатаң сақтау, кез келген қателікті қатаң жазалау

12. Сынып жетекшісі іс-әрекетінің міндеттері:

- A) Диагностикалық
- B) Әлеуметтік
- C) Дамытушылық
- D) Психологиялық
- E) Болжамдық
- F) Педагогикалық
- G) Адамгершілік

13. Мектеп пен отбасының ынтымақтастық әрекеттері:

- A) олимпиадаларға даярлық
- B) спорттық жұмыстар
- C) баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар
- D) әдістемелік жұмыстар
- E) ата-аналармен педагогикалық ағарту жұмыстары

14. Оқу бағдарламасының мазмұндық құрылысы:

- A) Оқыту материалының мазмұны қайталанып отырады
- B) Бұрынғы материалдардың логикалық жалғасы болып табылады
- C) Өтілетін материалдар ашылып көрсетіледі және түсіндіріліп, талданады
- D) Оқу материалы қол жетерлік деңгейде болады
- E) Оқытудың өтілетін материалдары күрделеніп оқытылады
- F) Мазмұны қиындық дәрежесі жағынан алдыңғыдан жеңіл болады

15. Білім беру стандарты:

- A) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- B) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
- C) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды
- D) Білім беру саласын қамтиды
- E) Оқыту деңгейін айқындайды
- F) Білім беру нормаларын анықтайды
- G) Оқу жоспарларын қолданады
- H) Білім беру сапасын анықтайды

16. Оқытуды ұйымдастыру формасы:

- A) Ата-аналармен жұмыс
- B) Сендіру
- C) Семинар
- D) Жаттығу
- E) Түсіндіру

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Білім сапасын арттыру үшін
- B) Мектептегі оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі үшін
- C) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін
- D) Жаналықтар енгізу үшін
- E) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің мынадай белгісі бар:

- A) Жалпы мақсаттарды жүзеге асыру
- B) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- C) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- D) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- E) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы

19. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Диагностикалауды
- B) Тұлға болмысын
- C) Бағыттауды
- D) Оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесін анықтауды
- E) Оқу жоспарын
- F) Басқаруды
- G) Бақылауды

20. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері:

- A) өлшемге сай болу
- B) көңіл-күйге орай баға қоя салу
- C) орташа бағалау ұстанымында болмау
- D) ынталандыру принципін сақтау
- E) жауаптың жан-жақтылығын ескеру
- F) орташа бағалау ұстанымында болу

21. Дидактикада оқыту технологиялары жіктелетін сипаттар:

- A) Теорияны меңгерудің ғылыми сипаттамасы
- B) Қолдану деңгейі
- C) Әдістемелік негіз
- D) Тәжірибені меңгерудің ғылыми сипаттамасы
- E) Психологиялық негіз
- F) Философиялық негіз

22. Оқу орындарының инновациялық талаптары:

- A) Жеке тұлғаның тек дарынын дамыту
- B) ҚР азаматтарының білім алу құқығына толық ие болу
- C) Жеке тұлғаның білімінің және дарындылығының дамуына жағдай жасалу
- D) Оқу-тәрбие үдерісіне құралдар мен медиа жүйелерді енгізу
- E) Оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелі болуы
- F) Оқу-тәрбие үдерісінің табиғатқа сәйкестік принципіне сүйену

23. Жылдық оқу-тәрбие жұмысы жоспарының құрылымы:

- A) Әдебиеттерді талдау
- B) Қойылатын міндеттер
- C) Кіріспе
- D) Жоспардың негізгі бөлімдерін сипаттау
- E) Тоқсандық жұмыстарды талдау

24. Г.И. Щукина бойынша мектепшілік басқару бағыттары:

- A) әдістемелік
- B) ғылыми
- C) басқарушылық
- D) зерттеушілік
- E) дидактикалық
- F) психологиялық
- G) жобалаушылық

25. Мектептің жылдық жұмыс мазмұнын талдаудың мазмұнына енеді:
- A) Білім мазмұнын қарастыру
  - B) Оқушылардың денсаулық деңгейі
  - C) Әдістемелік жұмыстың сапасы
  - D) Білім мазмұнын сараптау
  - E) Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарын анықтау
  - F) Педагогикалық кеңес жұмысының нәтижесі

**Педагогика**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



## Психология және адам дамуы

1. Тұлғалық психиканың қасиеттері:

- A) сенім, талғам
- B) мінез, қабілет
- C) дағды
- D) үлгі, жаттығу
- E) әдет, дағды

2. Дағды түрлері:

- A) үйрену
- B) меңгеру
- C) әрекеттер
- D) жаттығулар, қайталау
- E) қимылдық
- F) сенсорлық

3. Әлеуметтенудің негізгі кезеңдері:

- A) ыңғайлану
- B) бірігу
- C) ойлану
- D) жекелену, оқшаулау
- E) ажырау, жекелену
- F) ыңғайлану, ұқсастыру

4. Қажеттіліктердің түрлері:

- A) рухани
- B) адамгершілік, ақыл, еңбек
- C) қоғамдық
- D) қарым-қатынас, сана
- E) адамгершілік, спорттық
- F) тікелей, жанама

5. Жеке адамның өмір бағытын көрсететін компоненттер:

- A) топ, ұжым
- B) ойлау, сөйлеу
- C) мотив, құндылық
- D) дүниетаным, сенім
- E) қызығу, қажеттілік

6. Рецепторлар ішкі құлақтағы вестибуляциялық аппаратта орналасқан:

- A) сезгіштік
- B) иллюзия
- C) вибрациялық
- D) статикалық түйсік
- E) тең басу түйсіктері

7. Есте қалдырылып не қайта жаңғыртылатын нәрсенің сипатына қарай ес түрлері:

- A) сөз-логикалық
- B) еріктік, еріксіз
- C) сезімдік, қысқа мерзімді
- D) ырықты, ырықсыз
- E) ұзақ мерзімді

8. Сөйлеудің түрлері:

- A) дене қимылы
- B) пиктография және вербальды
- C) идеологиялық, жазба
- D) диалогтық, монологтық
- E) идеологиялық, монополиялық
- F) тұрақты, өзгермелі

9. Астениктің (әлжуа адамның) сипаттамасы:

- A) сопақ жүзді, ынжық
- B) кіші не орта бойлы, етшен
- C) домалақ басты, көпшіл
- D) ірі, қарулы денелі
- E) бұлшық етті, дене бөліктері өзара сәйкес дамыған

10. Іс-әрекет барысында қалыптасатын зейін қасиеттері:

- A) Алаңдауы
- B) Көлемі
- C) Үстірттігі
- D) Тұрақтылығы
- E) Ырықсыздығы
- F) Ырықтылығы

11. И.М. Сеченев пен И.П. Павлов ілімі бойынша ерікті әрекеттердің негізі:

- A) стресс
- B) механикалық процесс
- C) ерікті әрекеттер
- D) сыртқы әсер
- E) шартты рефлексдер
- F) мотив
- G) материалдық процесс

12. Ойын іс-әрекетінің бала психикасының дамуына әсерін зерттеген ғалымдар:

- A) А.А. Люблинская
- B) А.С. Выготский
- C) А.Н. Леонтьев
- D) В.С. Мухина
- E) Д.Б. Эльконин
- F) Х.Т. Шерьязданова
- G) В.В. Давыдов

13. Ж. Пиаженің конструктивті теориясында тілдің дамуының психикалық процестердің дамуынан айырмашылығы:

- A) Индивид
- B) Әрекет
- C) Іс-әрекет
- D) Мотив
- E) Ойлау
- F) Әдіс

14. Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи даму теориясында психиканың сыртқы практикалық іс-әрекетпен жақындасу бағыттары:

- A) интеллектуалды танымдық сфера
- B) нәрестенің эмоционалды қатынасы
- C) мектепке дейінгі баланың рөлдік ойыны
- D) адамның психикалық құрылымы
- E) сөз арқылы жүзеге асатын әрекет
- F) адамның практикалық іс-әрекеттерінің ерекшеліктері
- G) еңбектік іс-әрекетінің құрылымы

15. Адам іс-әрекетінің параметрлері:

- A) Бейімділік
- B) Мотиві
- C) Сапасы
- D) Мағыналығы
- E) Саны
- F) Белсенділік

16. Баланың даму динамикасының параметрлерін зерттеген ғалымдар:

- A) Д.Б. Эльконин
- B) А.Н. Леонтьев
- C) С. Холл
- D) З. Фрейд
- E) Аль-Фараби

17. Сәбилік кезеңдегі маңызды іс-әрекет:

- A) Өлең жаттау
- B) Киім тігу
- C) Жаттығу жазу
- D) Заттық амалдау әрекет
- E) Би билеу
- F) Сурет салу
- G) Ойын ойнау

18. Ерте сәбилік жаста психикалық дамудың өзгерістері:

- A) Үлкендермен қарым-қатынасы
- B) Тілді меңгеруі
- C) Сурет салу әрекеті
- D) Тік жүруі
- E) Заттық іс-әрекеті

19. 3-4 жасар балаларда сюжетті ойындардың ұзақтығы:

- A) 10-11 минут
- B) 10-15 минут
- C) 30-40 минут
- D) 20-30 минут
- E) 4-5 сағат
- F) 10-12 минут
- G) 1-2 сағат

20. Жағымды сезімдер:

- A) мазасыздық
- B) қорқыныш
- C) жеккөру
- D) қуаныш
- E) қанағаттану
- F) махаббат

21. Меланхолик типіне тән қасиеттер:

- A) аз қозғалады
- B) көңілді
- C) жасқаншақ
- D) тұйық
- E) байсалды
- F) уайымшыл

22. Заттық қатынасына байланысты қасиеттері:

- A) адалдық
- B) ұқыпсыздық
- C) жалқаулық
- D) салдыр-салақтық
- E) ұқыптылық

23. Қабілеттіктер табиғи нышандардың негізі ретінде:

- A) дүниетанымына байланысты
- B) өзіне байланысты
- C) көшедегі өмірге байланысты
- D) жеке басын жетілдіруіне байланысты
- E) санасына байланысты
- F) оқыту мен тәрбиеге байланысты
- G) қиялына байланысты

24. З. Фрейд ұсынған бақылау жүйесінің ерекшелігі:

- A) адамның мінез-құлқындағы елеусіз заттарға дейін мән берді
- B) діни ұғымдарды сараптады
- C) белгілі ұстанымдарды талқылады
- D) адамның жан-табиғатын түгел алып қарастырды
- E) агрессиялық инстинктерге жіктеді
- F) гумертальді қарастырды
- G) теория қырларын қарастырды

25. Кіші мектеп жасының оқу міндеттері:

- A) психологиялық әрекет
- B) бағалау әрекеті
- C) оқу әрекеті
- D) психикалық даму
- E) лангитюдті әдісі
- F) экспериментік
- G) орындау әрекеті

**Психология және адам дамуы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі**

1. Тәрбиелік шаралар:

- A) сабақтан тыс іс-шаралар
- B) ақпарат алмасу, жинақтау
- C) жеке даму
- D) қызығушылық
- E) ғылыми жұмыс
- F) талап

2. Қиын балаларды тудыратын әлеуметтік себептер:

- A) Ұжым мүшелерінің үйлесімділігі, оған баланың бейімделе алмауы
- B) Отбасы мен педагогтің бірлікте жұмыс жасауы
- C) Тәрбиелік жұмыстардың күшеюі
- D) Баланың ішкі жан-дүниесіне, қоршаған ортаға қатынасына ата-ананың жеткілікті көңіл бөлмеуі
- E) Отбасындағы сәтсіздік
- F) Түрлі діни теріс ағымдар мен секталардың көбеюі

3. Педагогикалық қолдау сөздері:

- A) Сенің бұл жағдайдан жол тауып шығарыңа мен сенемін
- B) Сен белсенді оқушысың – сол үшін өз тобыңа жауаптысың
- C) Қателеспейтін адам жоқ, бастысы - сол қатені түзете білуде
- D) Сенің жауапкершілігің мол - сондықтан дарынды болуға тиіссің!
- E) Сен жақсы оқушысың – сондықтан жеңіске жете аласың

4. Отбасының мектеппен байланысы:

- A) Жанұядағы балалардың санында
- B) Балабақша жасындағы баласының болуында
- C) Мектеп пен отбасының ынтымақтастығында
- D) Отбасында мектеп оқушысының болуы
- E) Сынып пен мектептен тыс мекемелер жұмысында
- F) Отбасының материалдық жағдайында

5. Тәрбие жоспарының қызметтері:

- A) Дамытушылық
- B) Болжау
- C) Түзету, ұйымдастыру
- D) Білімділік
- E) Ағартушылық
- F) Ұйымдастырушылық
- G) Тәрбиелік

6. Сынып жетекшісінің міндеттері:

- A) Проблемаларды шешуде оқушыға көмек көрсету
- B) Мүмкіндігі шектеулі балаларды зерттеу
- C) Ата-аналармен қарым-қатынас жасап, оларға бала тәрбиесінде көмек көрсету
- D) Білім беру мазмұнының ғылымилық принципін қанағаттандыру
- E) Психологиялық жағдайларды зерттеу
- F) Тиімді оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру
- G) Пән мұғалімдерінің сабақтарын талдау

7. Топтың қабылданған негізгі түрлері:

- A) Диффузиялық
- B) Саяхатшылар
- C) Демалушылар
- D) Ресми
- E) Сыныптастар
- F) Референттік

8. Қиын балаларды тәрбиелеу әдістері:

- A) Жасаған ісіне өкіну сезімін дамыту әдісі
- B) Жазалау әдісі
- C) Теріс тәртіптің алдын алу және жағымды тәртіпке ынталандыру әдісі
- D) Сұхбаттасу әдісі
- E) Еліктеу әдісі
- F) Еркелету әдісі

9. Авторитарлық тәрбие:

- A) Өзінің адамгершілігін сезіндіру
- B) Тұлғаның дамуын тежеу
- C) Тұлғаны басу
- D) Бала тұлғасын құрметтеу
- E) Оқушылардың оқуға, үйдегі және қоғамдық орындардағы тәртіпке еркін қарауы
- F) Баланың бас бостандығы

10. Педагогикадағы тәрбие принциптері:

- A) Батылдылық
- B) Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы
- C) Тәрбие ықпалдарының тізбектестігі, жүйелілігі, беріктілігі және үздіксіздігі
- D) Әрекетті жан-жақты ойластыру
- E) Тәрбие ережелерінің жиынтығы
- F) Тәрбие барысында шешілуге қажетті міндеттер



11. Тәрбиенің қоғамдық мәні:

- A) Біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал етеміз
- B) Рухани жағынан үнемі жетілу және баюуда көпсалалы процесс
- C) Кең мағынада алғанда қандай да болса, бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз
- D) Жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал
- E) Қоғамның пайда болуына тән қасиет

12. Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі:

- A) Баланы әртүрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру
- B) Мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-қимыл жасау
- C) Қызығушылығын ояту
- D) Оқушының дара даму ерекшелігін танып-білу
- E) Адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру
- F) Мұғалімдер ұжымның өзара педагогикалық әрекетін қолдау
- G) Ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез-құлық нормаларына қатысты білім, білік, дағдыларды беру

13. Тәрбие ісінің құрылымы:

- A) Қол жеткізген нәтижелерді талдау
- B) Ұйымдастыру, құралдарды анықтау
- C) Даярлау, істердің салдарын талдау
- D) Алғашқы әңгіме, барлау, жоспарлау
- E) Жекеленген жүйелік құрылымдар тәрізді

14. Салауатты өмір салтын құруға қатысты дәрігерлердің берген кеңесі:

- A) Сабақта ойын элементтерін пайдалану
- B) Басты тік ұстау
- C) Аяқты бір-біріне айқастырмау
- D) Мәдени орындарда өзінді дұрыс ұстау
- E) Таза суды пайдалану
- F) Таза ауамен демалу
- G) Күн сәулесін пайдалану

15. Әдеби-музыкалық қоғам бірлестігіне қатысушылар ұйымдастырады:

- A) Би кеші сайыстары, көрмелері
- B) Ашық есік күндері
- C) Баланың еңбек тәрбиесін дамыту
- D) Түрлі бағыттағы әдеби-музыкалық кештері
- E) Түрлі спектакль қойылымдары
- F) Қызығушылықтары бойынша оқушыларды топтастыру
- G) Қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі

16. Отбасындағы тәрбиенің міндеттері:

- A) Баланың жеке бас ерекшелігін ескеру
- B) Еңбексүйгіштікке, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету
- C) Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасқа, түсінісуге, тыңдауға, ата-ана, туған-туыстар, жасы үлкендерді сыйлауға үйрету
- D) Табиғи ортаны сақтау
- E) Жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу
- F) Отбасында баланың өсіп-жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту

17. «Атамекен» бағдарламасына еңбейтін бағыттар:

- A) «Отан», «Туған жер»
- B) «Шежіре», «Қасиет»
- C) «Салт», «Домбыра»
- D) «Наурыз»
- E) «Шаһар», «Жібек жолы»
- F) «Зергер», «Төрт түлік»

18. Тәрбиешінің диагностикалық қызметі:

- A) Келеңсіздіктерді болдырмаудың тәсілдері мен жолдарын қарастыруды көздеу
- B) Негізгі талаптар
- C) Топтың білім көрсеткіштерін жоғары дәрежеге жеткізу
- D) Балабақша әкімшілігі тарапынан берілетін жұмыстарға талдау жасау
- E) Балаларының тәртібі жайлы ата-аналарға мағлұмат жинау

19. Тәрбие үдерісінде қамтылған адам санына қарай тәрбие формалары:

- A) Ұйымдық
- B) Ресми
- C) Жеке
- D) Қалыптасқан
- E) Шағын топтық

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) өзін-өзі басқару
- B) мектептегі әдістемелік кеңес
- C) әңгіме
- D) пікірталас
- E) этикалық әңгіме

21. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) клубтар
- B) сынып сағаты
- C) әңгімелер
- D) кештер
- E) үйірмелер

22. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) этикалық әңгіме талдату
- B) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу
- C) мадақтау
- D) жарыстар өткізу
- E) марапаттау

23. Тәрбие, адамды сүюге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне
- B) ғылымилық және жүйелі жұмыс жүргізілуіне
- C) баланың ортаға тез бейімделгіштігіне
- D) баланың еңбегі мен ісін бағалауына
- E) балаға тұрақты дұрыс қатынасына
- F) ерік-жігердің бірлігіне
- G) үдерістің аса қарқындылығына

24. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) тәрбие үдерісінің әдістемесіне
- B) тұқымқуалаушылыққа
- C) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- D) мектеп Жарғысының мазмұнына
- E) оқыту мерзіміне
- F) қаржы көздеріне
- G) педагогтің шеберлігіне

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:
- A) Саналылық, жауапкершілік
  - B) Тәрбие іс-әрекетіне араласуы
  - C) Биологиялық ерекшеліктері
  - D) Тәрбие гуманизациясы
  - E) Тәрбиені ұйымдастырушылық қасиеті
  - F) Тәрбиелік ықпалдар бірлігі
  - G) Даралық, қоғамдық белсенділік пен саяси-идеялық бағыт

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру

1. Жаңа бейіндік мектеп құру:

- A) болашақ мамандарды қарқынды даярлауда сапалы өзгерістерді қалайтын үдеріс
- B) реалды біліктілік формаларын таңдау;
- C) іс-әрекетті орындау процесі
- D) жауапкершілікті, білім мазмұнын құрастыру
- E) басқару жұмысын қалайтын үдеріс
- F) білім беруді ұйымдастыру формаларын таңдау

2. Шет елдердегі бейіндік оқыту ерекшеліктері:

- A) мектептің соңғы 2-3 жылында бейіндік оқытылады
- B) бейіндік педагогикалық процесті қамтиды
- C) бейіндік оқытудың тәсілі мен формасының болуы
- D) оқушының білімі мен іскерлігінің болуы
- E) бейіндік оқыту қарым-қатынаста жүзеге асады

3. Дарынды балаларға арнылған мамандандырылған мектептер:

- A) Арнайы қолөнер мектебі
- B) Арнайы спорт мектебі
- C) Қолданбалы қолөнер мектебі
- D) Арнайы өнер мектебі
- E) Әрбір оқушының жеке ерекшелігін дамыту
- F) Ерекше дарынды оқушылардың мүмкіндіктерін дамыту
- G) Оқушының қабілетін ескеріп шығармашылығын дамыту

4. Кәсіптік оқытудың пәндік жүйесі:

- A) Кәсіптік ақпарат
- B) Еңбек тәрбиесі, политехникалық білім
- C) Жұмысшы әзірлеу бағдарламасы
- D) Педагогикалық пәндік жүйе
- E) Мамандықтар мен талаптар жөнінде білім
- F) Жалпы орта білім
- G) Педагогикалық білім жүйесі

5. Ұлыбританиядағы мектептің типтері:

- A) кәсіби қызығушылығына сәйкес - орта техникалық
- B) жалпы білім беру негізі
- C) кәсіптік білім беру
- D) кәсіптік аспаптарда ойнау
- E) политехникалық, арнайы (кәсіптік)
- F) білім мазмұнының негізгі салалары

6. Бейіналды даярлық негізгі:

- A) білім алуды жалғастыратын педагогикалық, психологиялық жүйе
- B) оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыру
- C) оқушының ақпараттық білімін дамыту жүйесі
- D) оқушының ақыл-ойын дамыту
- E) оқушының кәсіби маман болуына шеберлікті дарыту

7. 12 жылдық білім жүйесіне көшудегі мектеп алдындағы негізгі бағыттары:

- A) оқушының потенциалдық мүмкіндіктерін ескеру
- B) мұғалімдердің қаржылық жағдайын қарастырып жеке бағытта оқыту
- C) оқушыны жеке бағытта оқыту
- D) оқушының жеке қабілеттерін ескеру
- E) жеке даралық бағытта оқыту, ішкі қажеттіліктерді есепке алу

8. 12 жылдық білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары:

- A) пәндік-бағдарлы оқыту жүйесін тұлға әрекетіне бағыттау
- B) өз бетімен білім алу, практикада қолдану
- C) қоғамның әлеуметтік – экономикалық талабына сәйкестендіру
- D) өз бетімен білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру
- E) тұлғаның қызығушылығын қалыптастыру
- F) өз бетімен гуманистік әдістер мен тәсілдер игеру

9. М.А. Чошанов кәсіптік білім берудегі құзыреттілікті сипаттайды:

- A) ұтқырлығы
- B) кәсіби біліктілік
- C) кәсіби білім
- D) сыни ойлауы
- E) кәсіби дағды
- F) кәсіби іскерлік
- G) кәсіби-қызмет

10. Кәсіби бағдар беру жоспары мен негізгі компоненттері

- A) өндірістік оқыту шебері
- B) кәсіп туралы ақпарат және кеңес беру
- C) оқу тобы
- D) оқу бригадасы ұжымы
- E) кәсіпке бейімделу

11. Ауыл мектептерінде бейіндік оқытуда кездесетін қиындықтар:
- A) бір мектеп шеңберінде кәсіби сыныптарда ұйымдастырылуы
  - B) ауылдың талаптары мен мүмкіншіліктеріне сай болуы
  - C) қаржыландыру бойынша нормативтік құжаттардың жасалмауы
  - D) сыныптағы оқушылар санының аздығы
  - E) ауылдық жерде бейіндік білім беру моделінің болуы
  - F) мектептеріндегі оқытуды ауылшаруашылыққа сай білім берілмеуі
  - G) оқушылармен бейіндік оқытуды ұйымдастырудың әртүрлілігі

12. Психологиялық-педагогикалық қолдау:
- A) оқушылардың қабылдаған іс-әрекетін қолдау
  - B) оқыту бейінін анықтауға әсер ететін әдіс
  - C) оқушылардың белсенді шешімін қабылдау
  - D) оқушыларға түрлі жағдайлардан шығуына бағыт беру
  - E) оқушылардың өмір құбылыстарын бағалау
  - F) білім инженериясын даярлау
  - G) оқушыларды субъект ретінде дайындау

13. Кәсіби бағдарлаудағы кеңес беру түрі:
- A) жоғары оқу орны
  - B) мектепке дейінгі мекеме
  - C) психологиялық -педагогикалық
  - D) ақпаратты-анықтамалық
  - E) медициналық

14. Элективті курстың мазмұнына:
- A) оқушылардың, мұғалімдердің берген бағасымен санасуы
  - B) оқыту мен тәрбиені ұйымдастыру
  - C) өз тәжірибесі негізінде өзіндік білімді игеру
  - D) бейіндік деңгейде қамсыз етеді
  - E) қосымша мамандықтар бойынша пән енгізеді
  - F) негізгі курстың белгілі бір бөлімінің тереңдетілген нұсқасы беріледі

15. Психологиялық профессиограмманың формасы:
- A) педагогикалық
  - B) биологиялық
  - C) өнімді еңбек
  - D) санитарлы-гигиеналық
  - E) әлеуметтік, экономикалық
  - F) саналы еңбек
  - G) физиологиялық

16. Элективті курстың арқаратын функциясы:

- A) бейінді іске асу заңдылықтарын айқындайды
- B) практикада жүйелілікті, бірізділікті сақтайды
- C) оқыту мазмұнын бейінішілік саралау
- D) бейін моделін жобалайды
- E) практикалық іс-әрекеттің тиімділігін нақтылайды
- F) бейін жүйенің үлгісін жүзеге асыру тәсілдері

17. В.И. Зверева: Білім беру мазмұнын үш бағытта қарастырады:

- A) оқу материалы (бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдары)
- B) оқу материалының теориясы мен әдістемесін өзгертпеу
- C) оқу пәнінің анықтамаларын салыстыру
- D) оқу пәнінің дидактикалық моделі ретінде (яғни оқу жоспары)
- E) әлеуметтік сұраныстың педагогикалық моделі ретінде

18. Профессиографиялық зерттеудің негізгі әдістері:

- A) сұрау
- B) эмпирикалық көрсеткіштерді қайта өңдеу
- C) лонгитюдтік
- D) талқылау, ұйымдастырушы
- E) бақылау мен педагогикалық эксперимент

19. Портфолио педагогикалық міндеттерді шешуге көмектеседі:

- A) оқу іс-әрекетін ұйымдастыру жоспарлау, іскерлігін қалыптастыруға
- B) оқушының оқу мотивациясын қолдау және ынталандыруға
- C) оқушының жоғары деңгейдегі құзыреттілігін игеруге
- D) білім берудің қосымша алғышарттарымен таныстыруға
- E) оқушының білім алуының дербестенуіне ықпал жасауға
- F) оқушының әлеуметтенуін қалыптастыруға
- G) оқушы кәсіби қарым - қатынас тәсілдерін қолдана білуіге

20. Жұмыс портфолиосы

- A) білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері
- B) зерттеулер, бейресми сайыстар, оқу сертификаттары, өзшығармасы
- C) жалпы орта білім беру құрылымы
- D) білім берудің күтілетін нәтижелерін бағалау жүйесі
- E) бұйымдар, модельдер, суреттер, өлеңдер, компьютерлік бағдарламалар
- F) қабілеттері және олардың көрінуі



21. Құжаттар портфолиосы:

- A) сертификат, олимпиада, диплом мен мадақтау қағаздары
- B) мақсатқа бағытталған құжат
- C) музыка, көркем өнер мектептерін бітіргендігі туралы құжат
- D) оқытуды үздіксіз жаңғырту, жоғары сатыларға көтеру
- E) жұмыс істеуге баулу
- F) ақша табуға үйрету

22. Профессиографиялық зерттеудің негізгі әдістері:

- A) лонгитюдтік әдіс;
- B) талқылау, ұйымдастырушы әдістер
- C) тұлғалық әдістер
- D) эмпирикалық көрсеткіштерді қайта өңдеу әдістері
- E) эксперименттік әдіс
- F) бақылау әдісі
- G) эмпирикалық мәліметтерді жинақтау әдістері

23. Бейіндік оқытуды ұйымдастыру қағидалары:

- A) білім беру ісін басқаруды демократияландыру
- B) жеке тұлғаның өзіндік жетілдіруі
- C) оқыту жүйесін жаңарту
- D) білім беру ұйымдарының дербестігін кеңейту
- E) оқушы білімінің жетістігін бағалау әдісі

24. Е.А. Климов бойынша кәсіби бағдарлану жоспарының белгілері:

- A) проблемалық әдіс, өз бетінше іздену әдісі
- B) жоспардың шынайылығы, логикаға сай болуы
- C) әңгіме, нұсқау беру, түсіндіру
- D) диспут, өзіндік жұмыс, сарамандық жұмыс
- E) түсіндіру, жаттығу, тапсырма беру
- F) репродуктивтік әдіс

25. Құжаттар портфолиосы:

- A) оқушылардың қызығушылығына құрылған оқу материалдары
- B) жұмыс істеуге баулу
- C) гранттарға қатысқандығы туралы құжаттар және тестілеу нәтижесі
- D) оқытуды үздіксіз жаңғырту, жоғары сатыларға көтеру
- E) сертификат, олимпиада, диплом мен мадақтау қағаздары
- F) музыка, көркем өнер мектептерін бітіргендігі туралы құжат

**Оқушылардың бейіндік оқытуын ұйымдастыру  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**